



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

09.12.2021ж.

№ 14 1-т.

Кәсіподақтың Түркістан облыстық кәсіподақ ұйымының әлеуметтік әріптестікті дамыту және кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысы туралы

Түркістан облыстық ұйымының төрағасы Ж.Шайдулланың «Кәсіподақтың Түркістан облыстық кәсіподақ ұйымының әлеуметтік әріптестікті дамыту және кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап,

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Ж.Шайдулланың әлеуметтік әріптестікті дамыту және Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау бойынша жүргізілген жұмысы туралы ақпарат мәліметке алынсын.

2. Түркістан облыстық кәсіподақ комитетіне:

- кәсіподақ ұйымдарында әлеуметтік әріптестік тиімділігін арттыру, жұмыс нысандары мен әдістерін жетілдіру, әлеуметтік әріптестік актілерінің қорғау функцияларын нығайту, білім саласы қызметкерлерінің өзекті әлеуметтік және өмірлік маңызды мәселелерін шешу үшін әлеуметтік-еңбек қатынастарын тереңдету жөнінде қосымша шаралар қабылдау;

- кәсіподақ қызметінің барлық бағыттары бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымдарына тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсету жөнінде мақсатты бағытталған жұмыс жүргізу, осы мақсатта кәсіподақ активі оқуын ұйымдастыру тиімділігін арттыру;

- облыстық кәсіподақ ұйымының барлық кәсіподақ құрылымы қызметінің негізгі міндеттерінің бірі білім ұйымдары басшылары тарапынан еңбек заңнамасын бұзудың алдын алу болып есептелсін; бұл жерде еңбекақы төлеу, педагогтарды аттестаттау, еңбек демалысы мен сауықтыру жәрдемақысын есептеу және т.б. есептеуге ерекше назар аудару;

- алқалы органдар, Салалық комиссия мәжілістерінде кәсіподақ ұйымдарындағы әлеуметтік әріптестік жағдайы, ұжымдық шарттар мен келісімдердің орындалу барысы, аудандық және қалалық кәсіподақ ұйымдары басшыларының есептері мен ақпараттары үнемі қаралып, білім және ғылым саласы қызметкерлерін заңнамамен көзделген жеңілдіктермен және кепілдіктермен қамтамасыз ету мәселелеріне назар аударылсын.

- жұмыс берушінің еңбек заңнамасын, әлеуметтік әріптестік туралы келісім мен ұжымдық шарттардың шарттарын орындауға қатысты қоғамдықдық бақылау жұмыстарын жандандыру;

- құқықтық қызметтің білікті мамандарын жасақтауға шара қолдану.

3. Кәсіподақтың Түркістан облыстық ұйымының төрағасы (Ж. Шайдулла) осы қаулының орындалу барысы туралы Кәсіподақтың Салалық Кеңесіне мерзімді түрде (үш айда бір рет) ақпаратты ұсынсын.

4. Кәсіподақ барлық деңгейіндегі органдары БАҚ-та, әлеуметтік желі парақшаларында облыстың білім саласы қызметкерлерін кәсіподақ ұйымдарының құрамына тарту мақсатында, облыстық кәсіподақ ұйымының, кәсіподақ комитеттерінің кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыстары үнемі жарияласын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төрайым

А. Мұқашева